

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Биология және биотехнология факультеті

Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасы



ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

Пәні: «21596 - Қазақстан биоресурстары»

Мамандығы: «6B05102 - Биология»

Курс	4
Семестр	7
Кредит саны	6
Дәріс	1,5
Семинар	1,5
Зертханалық сабақ	3
ОБӨЖ	6

Пәннің оқу-әдістемелік кешенін әзірлегендер:


Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры, б.ғ.к. Тыныбеков Бекзат
Мақұлбайұлы, аға оқытушы Баймурзаев Нұрлан Бейсенбекұлы.

«6B05102-Биология» білім беру бағдарламасының негізгі оқу жоспары, пәннің негізгі оқу
бағдарламасы және пәндер каталогы негізінде құрастырылған.

Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының мәжілісінде қарастырылды және
ұсынылды

«14» _05_ 2025 ж., хаттама № 18

Кафедра меңгерушісі



Нурмаханова А.С.

(қолы)

СИЛЛАБУС
2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі
«БВ05102-Биология» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
21596 Қазақстан биоресурстары	5	1,5	1,5	3	6	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклды, компонентті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Офлайн	элективті компонент	модульді	талдау	Жазбаша / онлайн		
Дәріскер	Тыныбеков Б.М. - биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры Баймурзаев Н.Б. - биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы					
e-mail:	tynybekov.bekzat@kaznu.kz baymurzaev.nurlan@gmail.com					
Телефоны:	8-727-377-34-34 (12-04) Ұялы тел: 8-701-289-80-03; 8-777-253-44-45					
Ассистент	Чилдибаева А.Ж. - биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының доцент м.а., Ph.D					
e-mail:	a.zh.childebaeva@gmail.com					
Телефоны:	8-727-377-34-34 (21-12) Ұялы тел: 8-705-305-46-78					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*			ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
Қазақстанның биологиялық ресурстары және жануарлар мен өсімдіктер әлемін ұтымды пайдалану негіздері туралы білім алу, ресурстанудың теориялық негіздерін зерделеу, биоресурстардың әр түрлерін кеністікте бөлу және игеру ерекшеліктерін талдау, өсімдіктер мен жануарлардан алынатын ресурстық түрлердің жай-күйін бақылау және қорларын бағалау әдістерін зерделеу, ресурстық түрлер мен қоғамдастықтарды ұтымды пайдаланудың экологиялық негіздерін игеру.	1. Әдебиеттермен жұмыс жасап Қазақстан территориясында кездесетін биоресурстық түрлерге сипаттама беру және оларды табиғатта ажырату жолдарын білу			1.1 Кең таралған ресурстық түрлерге сипаттама бере алады		
				1.2 Кең тараған ресурстық түрлерді маңызын түсіндіре алады		
	2. Кең таралған ресурстық түрлерге санақ жұмыстарын жүргізу			2.1 Түрлі зерттеу әдістерді таңдап, қолдана алады		
				2.2 Түрлі әдістерді салыстырады, әртүрлі жағдайда (далада, зертханада) эксперимент жүргізе алады		
	3. Ресурстық түрлерді тандауда, далалық жағдайда және зертханада қолданылатын құралдармен жұмыс жасауға, презентация жасау			3.1 Бұрыннан белгілі ресурстық түрлермен салыстырып жаңа ресурстық түрлерді таңдай алады		
				3.2 Түрлі зерттеу әдістерді ғылыми зерттеулерді жүргізуге қолдана алады		
	4. Ресурстық түрлерді сақтау, қорғау, санын ұдайы өсіру және қорын тиімді пайдалануды ғылыми деңгейде ұйымдастыруды жүзеге асыру			4.1 Қазақстан биоресурстары жайындағы материалдарды талдап баяндама, реферат, презентация жасай алады		
				4.2 Ресурстық түрлерді зерттеу бойынша зерттеулерді жүргізуді жоспарлай алады		

	5. Теориялық және практикалық алған білімдерін ғылыми зерттеулер мен өзінің кәсіби қызметінде практикалық тәсілдерді қолданып баға беруге, баяндама, реферат дайындау	5.1 Ресурстық түрлерімен зерттеулерді жүргізуді жоспарлау, негіздеу жұмыстарын талдай алды 5.2 Ресурстық түрлер бойынша жазылған жұмыстарды талдайды және алынған нәтижелерді қорытындылай алады
Пререквизиттер	Ботаника, Зоология, Өсімдіктер экологиясы, Дәрілік өсімдіктер	
Постреквизиттер	Орнитология, Териология, Ихтиология, Сирек кездесетін жануарларды қорғау, Зоологиялық зерттеулер әдістері, Өндірістік практика, Дипломалды практика	
Оқу ресурстары	1. Мухитдинов Н.М., Есжанов Б.Е., Сатыбалдиева Г. Қ., Тыныбеков Б. М. Қазақстан биоресурстары. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 322 б. 2. Есжанов Б.Е., Сапарғалиева Н.С. Зоология. 2-бөлім. Омыртқалылар зоологиясы.-Алматы: Қазақ университеті, 2014.-356 б. 3. Олжабекова К.Б., Есжанов Б. Омыртқалылар зоологиясы. 2 бөлім. –Алматы: Эпиграф, 2017- 264 б. 4. Есжанов Б., Мұсабеков Қ.С. Қазақстан териофаунасының анықтағышы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.-362 б 4. Есжанов Б., Мұсабеков Қ.С. Қазақстан орнитофаунасының анықтағышы. 1-бөлім. – Алматы: Дарын, 2022.-456 б 5. Есжанов Б., Мұсабеков Қ.С. Қазақстан орнитофаунасының анықтағышы. 2-бөлім. – Алматы: Дарын, 2023.-386 б 6. Көбегенова С., Есжанов Б.Е., Классовская Е.В. Қазақстан амфибиялары мен рептилиялары. –Алматы: Қазақ университеті, 2010.-120 б. Зерттеушілік инфрақұрылымы 1. Лаборатория № 9. ГУК № 6. Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы ҒЗИ «Экология мәселелері» Интернет-ресурстар 1. http://elibrary.kaznu.kz/ru 2. http://pharmacologia.ru 3. http://www.zdorovie/users/realtime/ 4. http://lecarstva.ru	

Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық
-----------------------------------	---

	мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail tunybekov.bekzat@kaznu.kz немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы https://teams.microsoft.com/l/channel/19%3a6fdd43b2c69b47e9bab1bba4668d0582%40thread.tacv2/%25D0%25E9%25D0%25B1%25D1%25D0%25B9?groupId=cd94c3ef-7914-49d7-84a8-7cbf0a14d218&tenant кеңестік көмек ала алады.
--	--

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері	
Баға	Балдардың сандық баламасы	% мәндегі балдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
A	4,0	95-100	Өте жақсы		
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы		Формативті және жиынтық бағалау
B	3,0	80-84		Дәрістердегі белсенділік	0
B-	2,67	75-79		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	60
C+	2,33	70-74		Өзіндік жұмысы	40
C	2,0	65-69		Жиынтығы (АБ1, АБ2)	100
C-	1,67	60-64		Қорытынды бақылау (емтихан)	100
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлық	ЖИЫНТЫҒЫ	100
D	1,0	50-54			
FX	0,5	25-49			
F	0	0-24			
			Қанағаттанарлықсыз		

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс балл
МОДУЛЬ 1 Қазақстан биоресурстарының өзекті мәселелерін шешу (1-4 апта)			
1	Д 1. Тақырып: Кіріспе. Қазақстандағы биологиялық алуантүрлілікке талдау.	1	
	СС 1. Ботаникалық ресурстану ғылымы және оның ғылымдар жүйесіндегі орны (№2, 162-181 беттер).	1	
	ЗС 1. Әкімшілік бұйрық жүйесі жағдайындағы экожүйелердің бұзылуын зерттеу.	2	
2	Д 2. Тақырып: Өсімдіктер әлемінің биоресурстары	1	
	СС 2. Өсімдіктер әлемінің биоресурстары	1	
	ЗС 2. Ботаникалық ресурстану ғылымының зерттеулерінің деңгейлері.	2	
3	Д 3. Тақырып: Қазақстанда өсімдіктер ресурстарын тиімді пайдалану және бұл саладағы ғылыми зерттеу жұмыстарының бағыттары және этаптары.	1	
	СС 3. Ботаникалық ресурстанудың маңызды міндеттері (№3 9-11 беттер), Батыс Тарбағатай жотасының кейбір дәрілік өсімдіктер қорлары. (әдебиет 20, 28-38 бет)	1	
	ЗС 3. Жаңа дәрілік өсімдіктерді жүйелі зерттеуге қажетті мәліметтер	2	
	ОБӨЖ 1. БӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып: Қазақстан биоресурстарының өзекті мәселелері		

4	Д 4. Тақырып: Қазақстандағы әртүрлі пайдалы өсімдіктерді зерттеу, игеру тарихы және бағыттары.	1	
	СС 4. Өсімдіктердің биологиялық белсенді заттары. (әдебиет 6, 6-12 бет). Шөлдер биоценоздарының өнімділігі. "Кіші борсықтар" және "Тауқұм" стационарларындағы жасалған жұмыстар нәтижелері	1	10
	ЗС 4. Қазақстандағы шикізаттық өсімдіктерді зерттеудің кезеңдері.	2	10
	БӨЖ 1. Тақырып: «Өсімдіктердің биологиялық белсенді заттары»		20
МОДУЛЬ 2 Қазақстан биоресурстарын тиімді пайдалану жолдары (5-15 апта)			
5	Д 5. Тақырып: Қазақстан өсімдіктері ресурстарын зерттеудің негізін қалаған ғалымдар және ресурстанулық зерттеу жұмыстарының болашағы.	1	
	СС 5. Таулар биоценоздарының өнімділігі (Шығыс Памир және Тянь-Шань тауларында жасалған жұмыстар нәтижелері)	1	5
	ЗС 5. Пайдалы өсімдіктерді тиімді пайдаланып қорғап және сақтаудың зерттеу жолдары	2	5
6	Д 6. Тақырып: Дәрілік өсімдіктер және оларды денсаулық сақтау практикасына енгізу.	1	
	СС 6. Шыны майлы өсімдіктер.	1	5
	ЗС 6. Жаңа дәрілік өсімдіктерді айқындап әшкерелеудің зерттеу жолдары мен әдістері.	2	5
7	Д 7. Тақырып: Дәрілік өсімдіктердің шикізатын дайындау.	1	
	СС 7. Эфир майлары және олардың халық шаруашылығындағы маңызы	1	5
	ЗС 7. Дәрілік өсімдіктер шикізатын жинау, кептіру жолдары мен зерттеу әдістері.	2	5
	ОБӨЖ 2. БӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып: «Бау-бақшадағы балды өсімдіктер»		
8	Д 8. Тақырып: Қазақстанды ресурстанулық аудандастыру.	1	
	СС 8. Қазақстан өсімдіктерін ресурстық потенциалына байланысты территориялық белгілер бойынша аудандарға бөлу.	1	5
	ЗС 8. Өсімдіктер ресурстарын тиімді пайдалану және оларды қорғау (№ 2, 3-18 беттер).	2	5
	БӨЖ 2. Коллоквиум (бақылау жұмысы). Тақырып: Пайдалы өсімдіктерді игеру жолдары		20
Аралық бақылау 1			100
9	Д 9. Тақырып: Қазақстанның жануарлар әлемі, оларды ресурстық топтарға бөлу принциптері Құрлық және су омыртқасыздары мен су омыртқалылары – балықтардың ресурстары, олардың қорын тиімді пайдалану және қорғау	1	
	СС 9. Қазақстан жануарларының ресурстық топтары, қорын тиімді пайдалану және қорғаудың ғылыми негіздемелері Омыртқасыздардың (шаянтәрізділер, өрмекшітәрізділер және насекомдар) ресурстық түрлері, биологиялық ерекшеліктері, таралуы және маңызы	1	5
	ЗС 9. Омыртқасыздардың (шаянтәрізділер, өрмекшітәрізділер және насекомдар) ресурстық түрлері, олардың құрылым ерекшеліктері, анықтау, биологиялық ерекшеліктерін талдау. Сүйекті балықтардың (бекіретәрізділер, майшабақтәрізділер, тұқытәрізділер, алабұғатәрізділер, албырттәрізділер) негізгі ресурстық түрлерін анықтау: систематикасы, сипаттамасы, биологиясы, таралу аудандары, маңызы (таралу аудандарын контурлы картаға түсіру).	2	5
	ОБӨЖ 3. БӨЖ 3 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып: Жануарлар ресурстарын тиімді пайдалану.		
10	Д 10. Тақырып: Қосмекенділер мен Бауырымен жорғалаушылардың ресурстарын пайдалану және қорғау	1	
	СС 10. Ресурстық маңызы бар балықтардың систематикасы, таралу аудандары, жекелеген түрлерінің биологиясы мен маңызы.	1	5
	ЗС 10. Ресурстық маңызы бар қосмекенділер (бакалар, құрбакалар) мен жорғалаушылардың (тасбакалар мен жыландар) негізгі түрлерін анықтау: систематикасы, сипаттамасы, биологиясы, таралу аудандары, маңызы (таралу аудандарын контурлы картаға түсіру).	2	5
	БӨЖ 3. Тақырып: Жануарлар ресурстарын тиімді пайдалану. Қазақстан биоресурстарының сақтау жолдары		10
11	Д 11. Тақырып: Қазақстан құстары, олардың ресурстары, пайдалану мен қорғау.	1	
	СС 11. Ресурстық маңызы бар қосмекенділер (бакалар, құрбакалар) мен жорғалаушылардың (тасбакалар мен жыландар) систематикасы, сипаттамасы, биологиясы, таралу аудандары, маңызы.	1	5
	ЗС 11. Ресурстық маңызы бар су құстарының (қазтәрізділер, сұқсырлар, татрентәрізділер) түрлерін анықтау: систематикасы, сипаттамасы, биологиясы, таралу аудандары, маңызы (таралу аудандарын контурлы картаға түсіру).	2	5
	ОБӨЖ 4. БӨЖ 4 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып: Қосмекенділер мен бауырмен жорғалаушыларды көбейту жолдары		
12	Д 12. Тақырып: Қазақстан сүтқоректілері, олардың ресурстары, пайдалану мен қорғау	1	

	СС 12. Ресурстық маңызы бар су құстары (қазтәрізділер, сұқсырлар, татрентәрізділер) мен құрлық құстарының (тауықтәрізділер, кепертәрізділер) және саятшыл құстардың (сұңқартекестер мен қыргитекестер) систематикасы, сипаттамасы, биологиясы, таралу аудандары, маңызы.	1	5
	ЗС 12. Ресурстық маңызы бар құрлық құстарының (тауықтәрізділер, кепертәрізділер) және саятшыл құстардың (сұңқартекестер мен қыргитекестер) түрлерін анықтау: систематикасы, сипаттамасы, биологиясы, таралу аудандары, маңызы (таралу аудандарын контурлы картаға түсіру).	2	5
	БӨЖ 4. Коллоквиум (бақылау жұмысы). Тақырып: Сапасы жоғары мал азығы ретінде қолданылатын жабайы және мәдени өсімдіктер түрлері.		10
13	Д 13. Тақырып: Кәсіптік маңызы бар және сирек кездесетін құстарға санақ жүргізу әдістері	1	
	СС 13. Терісі бағалы : ресурстық маңызы бар кеміргіштер (суырлар, сарышұнақтар, тиіндер, құндыздар) мен қоянтәрізділердің түрлерінің систематикасы, сипаттамасы, биологиясы, таралу аудандары, маңызы.	1	5
	ЗС 13. Терісі бағалы : ресурстық маңызы бар кеміргіштер (суырлар, сарышұнақтар, тиіндер, құндыздар) мен қоянтәрізділердің түрлерін анықтау: систематикасы, сипаттамасы, биологиясы, таралу аудандары, маңызы (таралу аудандарын контурлы картаға түсіру).	2	5
	ОБӨЖ 5. БӨЖ 5 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып: 3 Құрлық омыртқалыларының (жорғалаушылардың), жағалаумаңы құстарының, қоянтәрізділердің ресурстық түрлері (систематикасы, қысқаша сипаттамасы, таралуы, маңызы)		
14	Д 14. Тақырып: Ерекше қорғалатын аймақтардың биоресурстық түрлерді қорғауда алатын орны	1	
	СС 14. Ресурстық маңызы бар жұптұяқтылардың (қуысмүйізділер, бұғытекестер) түрлерінің систематикасы, сипаттамасы, биологиясы, таралу аудандары, маңызы.	1	5
	ЗС 14. Терісі бағалы ресурстық маңызы бар жыртқыш аңдардың (иттекестер, мысықтар, сусарлар мен аю) түрлерін анықтау: систематикасы, сипаттамасы, биологиясы, таралу аудандары, маңызы (таралу аудандарын контурлы картаға түсіру).	2	5
	БӨЖ 5. Тақырып: Жануарларды қорғаудың заңдамалық негіздері		10
15	Д 15. Тақырып: Қазақстанның Қызыл кітабына енген жануарлар тізімін құрастыру	1	
	СС 15. Қызыл Кітапқа енген қосмекенділерді көбейту шараларын талдау.	1	5
	ЗС 15. Ресурстық маңызы бар жұптұяқтылардың (қуысмүйізділер, бұғытекестер) түрлерін анықтау: систематикасы, сипаттамасы, биологиясы, таралу аудандары, маңызы (таралу аудандарын контурлы картаға түсіру).	2	5
	ОБӨЖ 6. Емтихан тапсыру ережелерімен таныстыру.		
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Декан

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрайымы

Кафедра меңгерушісі

Дәріскер

Дәріскер



Курманбаева М.С.

Бақтыбаева Л.Қ.

Нурмаханова А.С.

Тыныбеков Б.М.

Баймурзаев Н.Б.

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

БӨЖ 1, (АБ 100% -ның 15%)
 БӨЖ 2 (АБ 100%-ның 15 %)
 БӨЖ 3 (АБ 100%-ның 15%)

Критерийі	«Өте жақсы» 13,5-15,0% немесе 13,5-15,0 балл	«Жақсы» 10,5-13,4% немесе 10,5-13,4 балл	«Қанағаттанарлық» 7,5-10,4% немесе 7,5-10,4 балл	«Қанағаттанарлықсыз» 0-7,4% немесе 0-7,4 балл
Берілген тапсырма бойынша теориялары мен тұжырымдарын толық меңгерген, жеткілікті мөлшерде терең игерген; берілген тапсырмаға өздігінен логикалық бірізділікпен және жан-жақты жауап береді, ең негізгісін анықтап көрсетеді, анализдеу және жүйелеуге қабілетті; бастысын белгілеп алып, жауаптарды нақты келтіреді. Тұжырымдарды талдау қабілетінің толық болуы	Берілген тапсырма бойынша теориялары мен тұжырымдарын толық меңгерген, жеткілікті мөлшерде терең игерген; берілген тапсырмаға өздігінен логикалық бірізділікпен және жан-жақты жауап береді, ең негізгісін анықтап көрсетеді, анализдеу және жүйелеуге қабілетті; бастысын белгілеп алып, жауаптарды нақты келтіреді. Тұжырымдарды талдау қабілетінің толық болуы	Берілген тапсырма бойынша теориялары мен тұжырымдарын толыққа жуық игерген (кейбір, әсіресе, күрделі теориялар мен тұжырымдары бойынша білімінде олқылықтар болады); ең негізгілерін үнемі ажырата алмайды, сонымен қатар, жауабында айтарлықтай қателіктерге жол бермейді; жеңіл және орташа қиындықтағы ситуациялық тапсырмаларды ғана шеше алады. Тұжырымдарды талдау қабілетінің толық болмауы	Берілген тапсырма бойынша теориялары мен тұжырымдары бойынша негізгі мөлшерін игерген; өздігінен жауап беруге қиналады, нақты емес формулировка жасайды. Тек жеңіл тапсырмаларды орындауға қабілетті, Жалпы тақырыпқа байланысты назар аударды, бірақ нақты мәселелерді ашуда қиындықтарға тап болады. дұрыс тұжырымдармен қиылысады.	Берілген тапсырма бойынша теориялары мен тұжырымдарына жауаптар мазмұнына сәйкес келмейді, негізгі ұғымдар қате түсіндіріледі, маңызды бөлігін білмеуі немесе түсінбеуі анықталады. тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдерді пайдалана алмайды.
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану, жауаптарды қойылған міндетке еркін қолданады, негізгі мәселелерін ұғынуы, хабардар болуы, практикалық	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға терең мағынада қолдана алады; ғылыми ұғымдарды, ұсыныстарды қойылған міндетке еркін қолданады, негізгі проблеманы логикалық және дәлелді түрде ашады. тапсырманы толық орындайды, Интерпретациялау, негіздеу және талдау, жауапты құрылымдау	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға толық қолдану барысында кемшіліктер болады. ғылыми ұғымдарды, ұсыныстарды қойылған міндетке кейбір қателіктермен қолданады, Толық емес интеграцияланған және ұсынылған нақты практикалық мәселелерді шешуге бейімделген. жауаптар нақты құрылымдалмаған, жауапта маңызды емес кейбір	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдана алмайды. ғылыми ұғымдарды, ұсыныстарды қойылған міндетке қолдана алмайды, маңызды бөлігі дұрыс емес, елеулі нақты қателіктерге жол береді. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен теорияны	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдана алмайды. ғылыми ұғымдарды, ұсыныстарды қойылған міндетке қолдана алмайды, маңызды бөлігі дұрыс емес, елеулі нақты қателіктерге жол береді. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен теорияны

Ұсынымдар / ұсыныстар	жоғары деңгейде, Ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен теорияны интеграциялау және талдауы нақты, жоғары деңгейде. Лабораториялық және инструментальдік зерттеулерді жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде көрсете алады.	қателіктер кездеседі, Ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен теорияны интеграциялау және талдауы нақты емес, кейбір қателіктері бар. Лабораториялық және инструментальдік зерттеулерді жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде көрсетуінде елеусіз қателіктері кездеседі.	дәліздіктерге жол береді. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен теорияны интеграциялау және талдауы әлсіз. Лабораториялық және инструментальдік зерттеулерді жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде орындауы әлсіз.	интеграциялау және талдауы түсініксіз немесе жоқ. Лабораториялық және инструментальдік зерттеулерді жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде орындауы түсініксіз немесе жоқ. Тапсырма өрескел қателіктермен орындалады.
Мысалдармен көрсетуі	Жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен нақты келтірілген, сонымен қатар білім алушының өз тәжірибесінен де суреттеледі; қажетті мысалдармен дәлелдей алады;	Жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен толық қолдану барысында, білім алушының өз тәжірибесінен суреттелуінде кемшіліктер бар; қажетті мысалдармен дәлелдеуде кейбір кемшіліктер байқалады.	Жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен жеткілікті қолдана алмаған, әлсіз, білім алушының өз тәжірибесінен суреттелуі әлсіз сипатталады, қажетті мысалдармен дәлелдеуде нақты кемшіліктер байқалады.	Жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен қолданылмаған, білім алушының өз тәжірибесінен суреттелуі жоқ; өте әлсіз және түсініксіз. қажетті мысалдармен дәлелдеуі жоқ.
Жазу, рәсімдеу тәртібі, APA style	Жауаптарды сауатты ғылыми тілде толық баяндайды, ғылыми-техникалық терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолданады және дұрыс ашып көрсетеді. Негізгі ережелерде толық аргументтерді береді және материалды түсіндіріп беру логикасы мен реттілігі сақталған. Жазу орфографиясында қателіктер жоқ. Негізгі және қосымша әдебиеттермен жақсы таныс, библиографиясы талапқа сай дұрыс көрсетілген. Презентацияны рәсімдеу талаптары мен реттілігі жоғары деңгейде сақталған.	Жауаптарды сауатты ғылыми тілде толық баяндау барысында кемшіліктер болады, ғылыми-техникалық терминдер мен ұғымдарды толық нақты беруде кемшіліктер кездеседі. Негізгі ережелерде қысқартылған аргументтерді береді және материалды түсіндіріп беру логикасы мен реттілігінде, жазу орфографиясында кейбір қателіктері бар. Негізгі және қосымша әдебиеттермен толық таныс емес, библиографиясы талапқа сай сипаттауы кейбір қателіктермен көрсетілген. Презентацияны рәсімдеу талаптары мен реттілігі орташа деңгейде сақталған.	Жауаптарды сауатты ғылыми тілде толық баяндау барысында қателіктер кездеседі, ғылыми-техникалық терминдер мен ұғымдарды толық нақты беруде қателіктері көп. Негізгі ережелерде әлсіз аргументтерді береді және материалды түсіндіріп беру логикасы мен реттілігінде, жазу орфографиясында нақты қателіктері бар. Негізгі және қосымша әдебиеттермен таныс болуы әлсіз, библиографиясы талапқа сай әлсіз көрсетілген. Презентацияны рәсімдеу талаптары мен реттілігі төмен деңгейде сақталған..	Жауаптарды сауатты ғылыми тілде толық баяндай алмайды, ғылыми-техникалық терминдер мен ұғымдарды қолдануы жоқ, ілмейді. Негізгі ережелерде аргументтерді қолдана алмайды және материалды түсіндіріп беру логикасы мен реттілігі жоқ, жазу орфографиясында өте көп қателіктері бар. Негізгі және қосымша әдебиеттермен таныс емес, библиографиясы талапқа сай көрсетілмеген. Презентацияны рәсімдеу талаптары мен реттілігі өте төмен деңгейде сақталған.